



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени АЛЬ-ФАРАБИ

**«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН
ЖАҢҒЫРТУ: АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ
КАДРЛАР ДАЙЫНДАУ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ»
46-ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

14-15 қаңтар 2016 жыл

4-кітап

МАТЕРИАЛЫ
46-й научно-методической конференции
**«МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ
ПРОГРАММ: АККРЕДИТАЦИЯ И ГАРАНТИЯ
КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ КАДРОВ»**

14-15 января 2016 года

Книга 4

Алматы 2016

«Білім беру бағдарламаларын жаңғырту: аккредитация және кадрлар дайындау сапасының кепілі»: 46-ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. 14-15 қаңтар 2016 жыл. 4-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 232 б.

ISBN 978-601-04-1711-3

Жинақта ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен «Білім беру бағдарламаларын жаңғырту: аккредитация және кадрлар дайындау сапасының кепілі» атты 46-ғылыми-әдістемелік конференция материалдары ұсынылған, конференцияда білім беру бағдарламаларын құрастыру, тәжірибеге бағытталған оқыту, білімді бақылау және бағалау, профессор-оқытушы құрамының біліктілігін арттыруға байланысты мәселелер талқыланды.

Материалдар автордың редакциясымен шығарылды.

В сборнике представлены материалы 46-й научно-методической конференции КазНУ имени ал-Фараби на тему «Модернизация образовательных программ: аккредитация и гарантия качества подготовки кадров», на которой были обсуждены вопросы, связанные с формированием образовательных программ, внедрением практико-ориентированного обучения, реализацией контроля и оценки знаний и повышением квалификации ППС.

Материалы издаются в авторской редакции.

**МАЗМУНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

Садыханова Д.А., Арзаева М.Ж. Функциональная модель эффективного практико-ориентированного обучения в высшем учебном заведении	3
Садыханова Д.А., Садыханова Г.А. Формирование профессиональных навыков у студентов экономических специальностей: метод междисциплинарных компетенций	6
Салқынбаев М. Шығыс әдебиетін оқытудың заманауи жолдары	9
Сапаева Г.Е., Тастемирова Г., Тилеужанова Г.Т. Шетелдік тыңдаушыларды ҰБТ мен КТ-ге даярлаудағы тиімді әдістер мен тәсілдер	12
Сапақова С.З. Білім беру саласында және үздіксіз білім алуға қолданылатын тегін онлайн платформалар және оларды пайдалану ерекшеліктері	14
Сарсекеева Н.К. Инновационные методы и технологии литературоведческих исследований (из опыта работы в магистратуре казну им. аль-Фараби)	17
Сатыбалдина Н.К., Аймаганбетова О.Х., Қунаибаева М.Н., Ахтаева Н.С., Байшукурова А.К. Опыт преподавания дисциплины «Этика личного и социального успеха» на гуманитарных факультетах КазНУ им. аль-Фараби	21
Смағұл М.Ж. Интегралды аудан мен көлем табуға қолдануды оқытудың методикасы	25
Сүлейменова О.Я., Орынбекова Б. С. Шығырландырып-қарқанды оқыту технологиясын жалпы химия курсының зертханалық сабақтарында қолдану	26
Сүлейменова О.Я., Тәліпбекова Ә.Ж. Бейорганикалық химия курсының оқытуда ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың дидактикалық құралдарын қолданудың жолдарын іздестіру	30
Султанғалиева Г.С., Алтаев А.Ш. Компетентностный подход как методологический принцип в преподавании исторических дисциплин	32
Сүлейменова З.І., Тапеева С.Қ. «Біқтималдықтар теориясының қосымша тараулары» атты таңдау курсының бағдарламасы мен маңыздылығы	35
Танропа Н.Н. Система Менделеев в рамках дисциплины «Информационные системы в науке и образовании»	38
Таныбаева А.К., Абубакирова К.Д., Мурзағалиева М.Г. Использование инновационных технологий и интерактивных методов обучения в учебном процессе	41
Тарақов Ә.С. «Әлем әдебиеті және көркем аударма» пәнін оқытудың әдістемелері	44
Ташкеева Г.К. Применение методов интерактивного обучения в образовательной среде высших учебных заведений	46
Тен Ю.П. Инвариантные технологии обучения в преподавании корейского языка на кафедре дальнего востока КазНУ им. аль-Фараби	51
Тилеужанова Г.Т., Тастемирова Г.А., Сапаева Г.Е. Тыңдаушыларға тіл үйретуде ақпараттық технологиялардың қолданылуы	55
Токкарина А.М. Жапон жазуындағы иероглифтердің қазіргі замандағы жағдайы	57
Токбергенова А.А. 5B090300-“Жерге орналастыру” мамандығы студенттеріне “Жер ресурсын басқару” пәнін оқытудың инновациялық әдістері	60
Токсанбаева Н.Қ., Жубаназарова Н.С., Қунаибаева М.Н. Жоғары оқу орнындағы студенттерге оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану арқылы білім берудің одан әрі дамуы	63
Торманов Н.Т., Туусыпбекова Г.А., Уршеева Б.И., Скендирова А. Заманауи инновациялық технология және оқу үрдісіне пайдалану	66
Төлешова Ү.Б. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда ассоциогарамма әдісін қолданудың тиімділігі	68
Тугелбаева Л.М., Рысқалиева Р.Г., Ашкеева Р.К. Бейне дәрістер көмегімен «галогендер» тақырыбын түсіндірудің маңызы	71
Түлеуханов С.Т., Швецова Е.В., Кулбаева М.С. Опыт реализации программы MOOK по курсу «Биофизика»	74
Тунгатаров Н.Н. Опыт реализации кейс-метода в трехмерном полигональном моделировании	76
Утегенова М.Е. Арнайы құқық пәндері сабағында жаңа технологияның тиімді әдіс тәсілдері арқылы студенттерді шығармашылыққа баулу	78

Как видно из диаграмм наименьшие различия выявлены между установками студентов «процесс – результат». Примечательно, что студенты в большей степени ориентированы на азартуом, чем на эгоизм. Также следует отметить сильное стремление студентов к свободе, нежели к власти. И что особенно порадовало, так это то, что студенты указанных гуманитарных факультетов успех в жизни связывают с трудом и совсем не стремятся к наживе, о чем свидетельствуют полученные данные.

Литература:

1. Управление человеческими ресурсами / Под ред. М.Пула, М.Уорнера. – СПб.: Питер, 2002. –1200с.(Серия«Бизнес-класс»),с.777-792

Смағұл М.Ж.

ИНТЕГРАЛДЫ АУДАН МЕН КӨЛЕМ ТАБУҒА ҚОЛДАНУДЫ ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДИКАСЫ

Кейбір жағдайда анықталған интеграл ұғымын анықтау мен зерттеу туындыны қолданумен байланыстырылмайды. Көп жағдайда анықталған интеграл ұғымын енгізгенге дейін туынды ұғымы беріледі. Оқулық авторлары интеграл мен алғашқы функция ұғымдарын зерттеу ретін әртүрлі тандайды: бірінші анықталған интеграл ұғымына анықтама беріп, ал алғашқы функция ұғымы кейін пайда болады немесе бірінші алғашқы функция ұғымын беріп, ал кейін анықталған интеграл ұғымы енгізіледі. Анықталған интеграл ұғымына әртүрлі анықтама беріледі: анықталған интеграл алғашқы функцияның өсімшесі ретінде немесе интегралдық қосындының шегі ретінде қарастыру.

Ал анықталған интегралды есептегенде негізгі рөлді алғашқы функция атқарады. Алғашқы функцияны аудан мен көлем табуға қолдану мүмкіндігі мәселені шешуге бай материал бере алады.

Интегралды аудан табуға қолдану.

Енді алғашқы функцияны жазық фигуралардың ауданын табуға қолдануды бастаймыз. Қисық сызықты трапецияның ауданының есептеудің тәсілін табу мақсатын қоямыз.

Алдын ала қисық сызықты трапецияны функцияның графигімен, ОХ осімен және ОУ осіне параллель түзулермен шектелген фигура ретінде таныстырамыз. Мысалдардың қатарында ОХ осіне перпендикулярлардың ұзындығы нөлге тең болатын жағдайларды және функцияның графигі түзу болатын жағдайларды міндетті түрде айтып кетуіміз керек.

Теорема: $f(x)$ – $[a;b]$ кесіндісінде үздіксіз және теріс емес функция болсын, S – қисық сызықты трапецияның ауданы болсын. Егер $F(x)$ – $[a;b]$ кесіндісінде $f(x)$ функциясының алғашқы функциясы болса, онда $S = F(b) - F(a)$ болады.

$[a;b]$ кесіндісінде анықталған $S(x)$ функциясын қарастырамыз. Егер $x = a$ болса, онда $S(a) = 0$ болады. Егер $a < x \leq b$ болса, онда $S(x)$ – $(x; 0)$ нүктесі арқылы өтетін түзудің сол жағында жатқан трапеция бөлігінің ауданы болады. Сонымен $S(b) = S$. $S'(x) = f(x)$ болатынын дәлелдейік. Тереманың дәлелдеулерінің бірін келтіреміз.

Кейін соған ұқсас $V'(x) = S(x)$, мұндағы $S(x)$ – дене қимасының ауданы болатынын дәлелдейміз.

Қисық сызықты трапецияның ауданын есептеу кезінде аудан $y = f(x)$ функциясы мен аралықтың шеткі нүктелері a мен b арқылы толығымен анықталатынына көз жеткіземіз. $f(x)$ функциясы үшін алғашқы функция $\Phi(x)$ кез келген басқа алғашқы функция $F(x)$ –тен тек ғана тұрақты шамаға өзгеше болады, сондықтан $\Phi(x) = F(x) + C$ болады.

$$\Phi(b) - \Phi(a) = (F(b) + C) - (F(a) + C) = F(b) - F(a)$$

Сонымен, $f(x)$ функциясы үшін кез-келген екі алғашқы функция $[a;b]$ кесіндісінде бір ғана өсімшеге не болады.

$[a;b]$ кесіндісінде $f(x)$ функциясы үшін алғашқы функция өсімшесін $[a;b]$ кесіндісінде $f(x)$ функциясының анықталған интегралы деп атаймыз және былай белгілейміз

$$\int_a^b f(x)dx.$$

Анықтама бойынша $\int_a^b f(x)dx = F(b) - F(a)$, мұндағы $F'(x) = f(x)$.

Алғашқыда аудан табу үшін ауданды алғашқы функцияның мәндерінің айырмасы арқылы табу формуласын қолданып үйрену керек. Мысалдар арқылы формуланы өбден игергеннен кейін ғана анықталған интеграл символына өту керек. Жаттығуды күрделендіруді мына бағыттарда жүргізу керек:

1. $f(x)$ функциясы беріледі, интегралдау шектері есен шарттарынан табылады (мысалы, егер параболла ОХ осін қиғын болса, параболламен және ОХ осімен шектелген фигураның ауданын табу).

2. Графиктерінің ортақ нүктесі бар екі функция және интегралдау шектері беріледі. Қисық сызықты трапецияны екі бөлікке бөлеміз.

3. Екі функция беріледі, интегралдау шектері есепті шешу барысында табылады. Мысалы: $y = x^3$, $y = 2 - x$ функциялары берілген. Осы функциялардың графиктерімен және ОХ осімен шектелген фигураның ауданын табу.

4. Фигураның ауданын екі қисық сызықты трапецияның аудандарының айырмасы арқылы табу.

5. Алдыңғы жағдайлардың бірігуінен шығатын жағдайлар.

6. Берілген фигураны координата осьтеріне қарағанда қисық сызықты трапецияның ауданын қолдануға болатындай ориаластыру.

7. $[a; b]$ кесіндісінде $f(x)$ функциясы $f(x) \leq 0$ шартын қанағаттандыратын жағдай. Бұл жағдайға арналған формула $S = -\int_a^b f(x)dx$ болады.

Есепті біртіндеп күрделендіру керек. Жеңіл есептен күрделірекке өтіп отыру керек.

Анықталған интегралды көлем табуға қолдану.

Көлем табу мен аудан табу ұқсас болады. Мақсатымыз Ох осіне перпендикуляр болатын кез-келген қимасының ауданы белгілі болатын дененің көлемін табу. Дене ОХ осіне перпендикуляр болатын a және b нүктелері арқылы жүргізілген жазықтықтардың арасында жатысы. Қиманың ауданын S деп белгілейміз. $S(x)$ - x нүктесі арқылы жүргізілген қиманың ауданы. $[a; b]$ кесіндісінде $S(x)$ функциясы үзіліссіз болсын. Сонымен қатар $V(x)$ функциясын қарастырамыз. $V(x)$ - x нүктесі арқылы жүргізілген жазықтықпен қиылған дененің бөлігінің көлемі.

$V'(x) = S(x)$ болатынын дәлелдейміз. Көлемді мына формуламен табамыз:

$$V = -\int_a^b S(x)dx .$$

Сулейменова О.Я. Орынбекова Б. С.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫП-ҚАРҚЫНДЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАЛПЫ ХИМИЯ КУРСЫНЫҢ ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында (1999) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарының бірі – жеке адамды қалыптастыруға бағытталған ролі және педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, олардың жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасауы қажеттігі қарастырылған [1].

Дәстүрлі оқыту технологиясының білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруіне көпшілік бермей отырғандығы студенттердің білім жетістіктерінің нәтижелерінен көрініс табуда. Осыған орай оқу үдерісін жетілдірудің қазіргі технологияларын жетілдіріп, жоғарғы оқу орындарында сабақ беруде қолдану арқылы білім сапасын жақсартуға болатындығына басым бағыт берілуде.

Жоғарғы оқу орында мамандар даярлаудың сапасын арттыруда оқытушы тұлғасының өздігінен дамуына, оның шығармашылық қабілетінің артуына мүмкіндік жасауды және оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруді қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану көзделеді. Технологияны педагогикалық іс-әрекетті қайта